

## Қауымдық сервитут белгілеу туралы

Түркістан облысы Сарыағаш ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 27 маусымдағы № 252 қаулысы. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 27 маусымда № 5100 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 17 бабының 5-1) тармақшасына және 69 бабының 4 тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 1 тармағының 10) тармақшасына сәйкес, Сарыағаш ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес "TNS-Plus" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне "НПП Бесқубыр-БС Саруг" магистральды талшықты оптикалық байланыс желісін жүргізу және пайдалану үшін жер учаскесін меншік иелері мен жер пайдаланушылардан алып қоймастан жер учаскелеріне 49 (қырық тоғыз) жыл мерзімге қауымдық сервитут белгіленсін.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Түркістан облысы Сарыағаш ауданы әкімдігінің 28.01.2021 № 21 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

**2. Алынып тасталды - Түркістан облысы Сарыағаш ауданы әкімдігінің 10.11.2022 № 334 қаулысымен (алғашы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары С.Таскуловқа жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Қ. Абдуалиев*

Сарыағаш ауданы әкімдігінің  
2019 жылғы 27 маусымдағы  
№ 252 қаулысына  
қосымша

**"TNS-Plus" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне "НПП Бесқубыр-БС Саруг" магистральды талшықты оптикалық байланыс желісін жүргізу және пайдалану үшін жер учаскесінің қауымдық сервитут көлемдері**

**Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Түркістан облысы Сарыағаш ауданы әкімдігінің 28.01.2021 № 21 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

	жер пайдаланушылар атауы	қауымдық сервитуттың көлемі (гектар)	ауылшаруашылық мақсатындағы жерлер	оның ішінде					
				егістік	суармалы егістік	көп жылдық екпелер	шабындық	жайылым	басқа да жерлер
1	Көктерек кенті	0,68							
2	Құркелес ауылдық округі	6,916	4,896	3,44				1,456	
3	Тегішіл ауылдық округі	0,876	0,04					0,04	
4	Дарбаза ауылдық округі	1,628	1,628	1,328				0,3	
	Барлығы	10,1	6,564	4,768				1,796	

#### кестенің жалғасы

елді мекендердің жер	өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтажына арналған жер және ауылшаруашылығына арналмаған өзге де жер	ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жері, сауықтыру мақсатындағы, рекреациялық және тарихи-мәдени мақсаттағы жер	орман қорының жері	су қорының жері	басқа жер
0,68					
					2,02
					0,836
0,68					2,856